

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің
Қазақстан Республикасы мемлекеттік материалдық резервтің
материалдық құндылықтарын (жаңарту және броньнан шығару тәртібімен)
шығару жөніндегі тендерлік комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қ.
Янушкевич көшесі, 2

2015 жылғы 3 наурыз
сағ.11.00

Тендерлік комиссия құрамы: А.Ә. Сәду – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің (бұдан әрі – ММРК) төрағасы, тендерлік комиссияның төрағасы,

комиссия мүшелері: А.Т. Қадырбеков – ММРК төраға орынбасары, тендерлік комиссия төрағасының орынбасары, С.К. Сабырбаева – ММРК төраға орынбасары, Н.Ғ. Айғараев – ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасы басшысы, Д.А. Нұрқанов – ММРК Бухгалтерлік есеп және қаржы басқармасы басшысы, Е.Е. Арпабаев – ММРК Құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы, М.Ж.Орынбаев – ММРК «Резерв» РМК Бас директоры, Т.А. Лигай – ММРК «Резерв» РМК Бас директорының бірінші орынбасары, Н.М. Иманбаев – ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының бас сарапшысы, тендерлік комиссия хатшысы.

(Қатыспаған: Г.Н. Тойбаева - ММРК «Резерв» РМК Қаржы және бухгалтерлік есеп басқармасының бастығы – бас есепші, ММРК 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4л/с бұйрығымен жұмыстан босатылған).

Күн тәртібі:


1. ММРК төрағасының бекітуі үшін мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын (жаңарту, броньнан шығару тәртібімен) шығару жөніндегі тендерлік комиссия жұмысының регламенті жобасын келісу.
2. Тендерді өткізу туралы хабарламаны бекіту.
3. 2015 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесін бекіту.

Күн тәртібі мәселелерін қарау мен талқылау нәтижесінде тендерлік комиссия ашық түрде дауыс беру арқылы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. ММРК төрағасының бекітуіне енгізу үшін осы хаттамаға қоса берілген мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын (жаңарту, броньнан шығару тәртібімен) шығару бойынша тендерлік комиссияның жұмыс регламентінің жобасы келісілсін.

2. Осы хаттамаға қоса берілген тендерді өткізу туралы хабарлама бекітілсін.

3. Қоса берілген 2015 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі бекітілсін.



4. Тендер ұйымдастырушының Ғаламтор-қорында (www.kgmr.gov.kz) тендерді өткізу туралы хабарлама жариялансын. Бұл ретте тендерді өткізу туралы хабарлама (www.kgmr.gov.kz) сайтқа орналастырылғаннан бастап күнтізбелік 15 күн өткеннен кейін үміткерлердің өтінімдері қарастырылатын болады.

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 8 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

Тендерлік комиссия отырысында аудио-видео жазбалары жүргізілді (қосымшамен ұсынылады).

Тендерлік комиссия отырысы 2015 жылғы 3 наурызда сағ. 11.20 бітті деп есептелсін.

Қосымша:

1) тендерлік комиссия жұмысының регламенті 2 парақта;

2) тендерді өткізу туралы хабарлама 2 парақта;

3) мемлекеттік резервтің тауарлар тізбесі 4 парақта.


Комиссия төрағасы:

А.Ә. Сәду



Комиссия мүшелері:

А.Т. Қадырбеков




С.К. Сабырбаева



Н.Ф. Айғараев



Д.А. Нұрқанов



Е.Е. Арпабаев



М.Ж. Орынбаев



Т.А. Лигай



Комиссия хатшысы:

Н.М. Иманбаев

